

Лисаков қаласы әкімдігінің білім бөлімі
«№3 орта мектебі» КММ



Ауызша есептер жинағы

(1- сыныпқа арналған)

Құрастырған: бастауыш сынып мұғалімі

Мауленова Г.С.

Лисаков қаласы
2013 жыл

Кіріспе.

Қазіргі заман талабына сай білім беруде жеке тұлғаның бәсекеге сай болуына аса назар аударылып отыр. Осы орайда жас баланың құзыреттілігін дамыта отырып, өз бетінше ойлана алуға және өз ойының қаншалықты дұрыстығын дәлелдей алатындай деңгейдегі білім беруді басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізу мұғалімдерге жүктеліп отыр. Ақпараттандыру мақсатында даярланған электрондық оқулықтар мен ғаламтор жүйесінің жас баланың жан-жақты дамуына тигізер үлесі молдығына өзіміз де куә болып жүрміз. Десек те, бұл оқытуға біржақты қарамай, іс-тәжірибеміздің арқасында оқушылардың ауызша да тез ойлана алуына, шешімді дұрыс қабылдауына, өз шешімін дәлелдей алуына, араторлығына, өзгеден өзінің ойлау шапшаңдығының айырмашылығын тани білуіне ықпал жасайтындай әдістерді қолданғанымыз дұрыс. Оның тиімділігі жеке тұлғаның өз ортасына тез бейімделуінде, өз ойын ашық айта білуінде және өзін-өзі тануында.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың ойлауы, қабылдауы және есте сақтауы тура мағынада дамиды. Мысалы: тас жүрек, ол бала үшін- жүрегі тастан жасалған. Яғни, 6-8 жас аралығындағы балалар сөзін терең мағынада айтылатындығын түсінбейді, оған аса мән де бермейді. Сондықтан, жас бүлдіршіндердің ғылыми тұрғыда түсінуін қалыптастыру үшін, әр нәрсенің аты мен затын, сипатын, жалпы кейбір заттардың басқа да мағынада айтылатындығы туралы әрдайым мағұлымат беріліп отырғаны дұрыс. 6-7 жастағы оқушылар көзбен көріп, қолмен ұстағанын жақсы есте сақтайды. Түрлі түсті суреттермен берілген тапсырмаларды орындау арқылы қызығушылықтары артады. Ал, 8-9 жаста олар сол заттар туралы терең ойланып, қайдан келгенін, не үшін қажеттілігін іздене бастайды. Мұндай өсу сатылары қалыпты деңгейді сипаттайды. Бүгінгі білім берудегі талапқа сай бұл даму кезеңдері жасарып келеді. Енді 5-6 жастағы бүлдіршіннің өз тек қолмен ұстап, көзбен көріп қана қоймай, оны өз бетінше саралып, өзінің ойымен дәлелдей алатындай жағдайда отыруы тиіс. Әрине, мектеп табалдырығын жаңа аттаған оқушылар үшін көптеген қиындықтар туып отырғаны рас. Әсіресе, салыстыру, айырмашылығын табуда балалар қиналады. Алғашқы кезде салыстыруды біржақты ғана көреді. Мысалы: «Алма мен допты салыстыруға бола ма?» деген сұраққа, олар көбіне «Жоқ алманы жейміз, ал доппен ойнаймыз» деген жауаппен шектеледі. Ал, әрі қарай оқушылардың ойын дамыту мұғалімнің еншісінде. Түрлі сұрақ-жауап арқылы баланың ойы мен қатар тілін де дамыту керек. Сондықтан да, төменгі сынып оқушыларының дамуына көмектесу үшін әр сабақта және сабақтан тыс уақытта да түрлі дамыту ойындары мен жаттығуларды үзбей жүргізсе, олардың логикалық ойлау дәрежелері де қалыптаса бастайды.

Бастауыш сыныптан бастап өткен тақырыпты қорытындылай алуға, мағынаны ажыратуға, салыстыра білуге және өз ойын дәлелдей алуға

үйрету. Оқушы бойына осындай қасиеттерді қалыптастыру үшін математика саласының алар үлесі зор. Берілген тапсырманы оқи отырып, оқушы өз бетімен оның мағынасын терең саралап түсінуге, оны жүйелеп талдап барып, нәтижеге жетуге жаттығады. Ойлау қабілетін дамытатын тапсырманы шешкенде мұғалім нақты да дұрыс бағыт бере білу керек. Егер оқушы қате шешкен күйде де оны түзетпей, оған «Сен басқаша ойланып көрші, немесе мүмкін былайша тәсілмен шығарған дұрыс шығар» деген бағыт-бағдар берген дұрыс. Сонда оқушы басқаша ойлауға тырысып көреді, өзіне деген сенімділік пен жауапкершілікті де сезінеді. 12 жылдық білім беру бағдарламасы бойынша бірінші сынып табалдырығын аттайтын оқушылар жасына сәйкестелінген тапсырмалар жиынтығы ұсынылып отыр. Әсіресе, құзыреттілігін дамытуға арналған тапсырмалар мұғалімге карточка ретінде қолдануға дайын.

Бұл әдістемелік жинақта 1-сынып оқушылары тек ауызша есеп шығарып қана қоймайды, жан-жағындағы қоршаған заттармен, жан-жануарлар және олардың атауымен, адамдардың қарым-қатынастарымен танысу да жүзеге асырылады. Мазмұнын талдау барысында жаңа атаулармен таныстырып, тілін дамытып, ойын әрі қарай шарықтатуға болады. Оқушының қызығушылығын арттырып, тез есептеу жылдамдығын тудырып, күлкілі де әзіл түрде, кейде қимылын жасату арқылы жүргізілетін тапсырмалар түрі ұсынылады. Бұл тапсырманы қосымша сабақтарда да, күнделікті сабақ арасында да пайдалануға болады. Әсіресе, факультатив сабақтарында оқушыны сергіту және шапшаң ойлауға жаттықтыру ретінде пайдаланған өте тиімді. Сонымен қатар, есеп мазмұны оқушыларды кәсіп иелерімен, шетел өмірімен, аңдар мен жануарлар, өсімдіктер туралы мағұлымат алуға көмектеседі, сөздік қорларын молайтады деп ойлаймын. Тапсырмаларды үйге беруге де болады. Көбіне сыныпта талдап орындаған дұрыс. Әсіресе логикалық тапсырмаларды жақсы оқитын оқушының өзі шеше алмай қалады. Ондайда, қосымша сабақта әр талшығына дейін ойлап талдау керек екендігін үйрету қажет. Тек математикалық есеппен ғана шектелмей, үлгі ретінде берілген түрлі дамыту тапсырмаларын орындаса, оқушының сана-сезімі толықсып, ойлап сөйлеу, ойлап айту, ақылға салып зерделеу сезімдері басым болары анық.

Сын пікір

Болашақ 12 жылдық білім беру жүйесіндегі басты бағыттың бірі- жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың алғысы- тұлғаның өздігінен ізденіп, шешім таба алатындай құзыреттілігін арттыру басты мақсат болып отыр. Оқытудағы мұндай өзгерістер мұғалімдер үшін сабақтың тиімділігі мен әр деңгейдегі оқушымен жеке жұмыс жасауына қосымша материалдар тапшылығымен қиындық тудыртып келеді. Көп басылымдар орыс тілінен аударылып, ұсынылуда. Осы орайда автордың жинақтаған ауызша есептер жинағы математика пәнін жақсы меңгеруде оқушылар үшін де, мұғалім үшін де өте тиімді. Жинақта бірінші сыныптар үшін математикадан өтілетін тақырыптардың барлығы да қамтылған. 1 сынып - оқушының ойлары дамып келе жатқан, қызығушылықтары мол деңгейдегі кезең екендігі мәлім. Беріліп отырған тапсырмалар олардың тілі мен қоса ойының да дамуына жағдай жасайды. Көп қиындық тудырмайды, мұғалімнің де көмегінсіз орындауға болатын есептер де бар. Сондықтан, бұл тапсырмаларды тақырыптарды пысықтау барысында белгілі бір уақыт көрсеткішіне сәйкестендіріп, жылдамдығы мен есте сақтау деңгейлерін тексеру үшін де қолдануға ыңғайлы. Тапсырмалар қызықты, тек қана ауызша сөз есептер ғана емес өлең есеп, танымдық тапсырмалар, логикалық тапсырмалар мен құзыреттілігін дамытатын тапсырмалар да енгізілген. Бұл құралдың оқушының шығармашылық белсенділігін тудырып, мұғалім үшін таптырмас көмек болары анық. Сондай-ақ, қосымша сабақтарда да, жеке жұмыс жасау үшін оқушыға үй тапсырмасы ретінде де қолдануға болады. Бұл әдістемелік құрал мұғалімдер мен оқушыларға өз септігін тигізеді деп ойлаймын.

«Лисаков қаласы әкімдігінің білім бөлімі»
әдіскері - Т.Б. Мурзабулатова.

Бағдарлама

1 сынып

(аптасына 1 рет – барлығы 33 сағат)

№	Тақырыбы	Сағат саны
1	Қосуды ауызша тез есептеуге арналған тапсырмалар	1
2	Азайтуды ауызша тез есептеуге арналған тапсырмалар	1
3	Құны мен айырмашылықты табуға арналған есептер	1
4	Санды бірнеше бірлікке арттыру және кеміту	1
5	Құнын табу және бірнеше бірлікке арттыру есептері	1
6	Өткен тақырыптардың бәрін қамтитын тапсырмалар	1
7	20-ға дейінгі сандарды қосып – алу	1
8-9	Белгісіз қосылғышқа арналған есептер	2
10-11	Салыстыруға арналған тапсырмалар	2
12	«Сонша» ұғымы және екі қосылғыш арқылы үшінші қосылғышты табуға арналған есептер	1
13	Барлық өткен тақырыпты қамтитын тапсырмалар	1
14-15	Белгісіз азайтқышты табуға арналған есептер	2
16	Өткен тақырыптарды қамтуға арналған тапсырмалар	1
17-21	Ойлау қабілетін дамытуға арналған тапсырмалар	5
22-23	Қызықты өлең есептер	2
24-28	Танымдық тапсырмалар	5
29-33	Құзыреттілікті қалыптастыруға арналған тапсырмалар	5

Қосуға арналған тапсырмалар.



Сиқыршы туралы есептер.

1. Сиқыршының сол қолында 2 сиқырлы таяқша, оң қолында 1 таяқша бар. Сиқыршыда барлығы неше таяқша бар ?
2. Сиқыршы қалпағынан 3 ақ және 2 қара қоян шығарды. Сиқыршы қалпағының ішінен неше қоян шығарды?
3. Сиқыршының иығында 2 тоты құс отыр, және сонша тотықұс төбесінде ұшып жүр. Есепте неше тотықұс туралы айтады ?
4. Сиқыршы қораптың ішіне 4 көк және 1 қызыл доп салды да, қолымен араластырып еді, бәрі де жоғалып кетті. Неше доп жоғалып кетті ?
5. Сиқыршы сиқырлы таяқшасымен 4 көк және 2 жасыл шарларды қызыл түске айналдырып жіберді. Неше қызыл шар шықты ?
6. Сиқыршы 5 жасыл қорапты жоғары, ал 2 қызыл қорапты төмен орналастырды. Сиқыршы қанша қорапты артық орналастырды ?
7. Сиқыршы 5 шарды ұлдарға, ал 3 шарды қыздарға сыйға таратты. Балалар барлығы неше шар алды ?
8. Сиқыршы қалтасынан жаңбырдан қорғанатын 2 қолшатыр және күннен қорғанатын 4 қолшатыр шығарды. Ол барлығы неше қолшатыр шығарды ?
9. Сиқыршы қайшысыз қызыл лентаны- 4 бөлікке, ал жасыл лентаны – 5 бөлікке бөлді. Онда қанша бөлік лента пайда болды ?
10. Сиқыршының костюмінде 2 қалта бар, және жасырын 6 қалтасы бар. Барлығы костюмнің неше қалтасы бар ?

Қоңыздар туралы есептер.



11. Жапырақта 4 май қоңызы отырды. Оларға тағы 3 – еуі ұшып келді. Май қоңыздары нешеу болды ?
12. Бес зауза қоңызы емен жапырағымен жүзуге шықты. Оларға 3 суқоңыздары жүгіріп жетті. Қанша қоңыз жиналды ?

13. Төрт бұғықоңыз жекпе-жекке шықпақшы болды. Оларға сонша мүйізтұмсық қоңыздар да қосылмақшы болды. Жекпе-жекке неше қоңыз қатысатын болды ?
14. Алты жауынгер-қоңыз өздерімен тең сонша ұлулармен шайқасқа шықты. Олар көмекке 2 қоңыз келгенде ғана жеңіске жетті. Ұлуларды неше қоңыз жеңді ?
15. Бес өртсөндіргіш-қоңыз шеруге шықты. Олардың соңынан тағы 5 әртүрлі қоңыздар ерді. Шеруге неше қоңыз қатысты?
16. Үш сүңгуір-қоңыз су астынан өздеріне үй жасады. Мұны естіп оларға сонша қоңыз қоныс тойына келді. Тойда қанша қоңыз болды ?
17. Ызылдауық-қоңыздар жүгіруден жарыс ұйымдастырды. Бірінші жүгірісте 4 қоңыз, екіншіде сонша қоңыз жүгірді. Мәреден барлығы неше қоңыз жүгіріп өтті ?
18. Аю-қоңыздың 6 жерасты жолы болды, және ол тағы 2 жол жасады. Аю-қоңыздың жерасты жолы нешеу болды ?
19. Төрт қоңыз жылы жерге жаяулап жүріп жетті. Ал 3 зауза қоңызы осы жерге ұшып жетті. Жылы жерде неше қоңыз тұрады ?

Африка жайлы есептер.



20. Екі нанду түйеқұсы және 6 эму түйеқұсы жүгіруден жарыс өткізді. Жарысқа барлығы неше түйеқұс қатысады ?
21. Керуендегі 3 түйені тағы да 2 түйе қуып жетті. Керуен неше түйемен аттанды ?
22. Баобаб ағашының басында 5 маймыл отырды. Ағашқа тағы 2 маймыл өрмелеп мінді. Ағаш басында барлығы неше маймыл отыр ?
23. Құдық жиегінде 4 пальма ағашы және 5 алма ағашы өсіп тұр. Құдық басында барлығы неше ағаш өсіп тұр?
24. Арыстанның жанұясында 4 ересек арыстан және 3 кішкентай арыстандар өмір сүреді. Қанша жанұя мүшесі бар ?
25. Мартышканың енесі 4 апельсин үзіп алды, ал өзі 1 апельсин үзді. Қанша апельсин үзілді ?
26. Алты ақ түсті мүйізтұмсық жолда 3 қара түсті мүйізтұмсыққа жолықты. Жолда неше мүйізтұмсық кездесті.

27. Африкалық баланың қолында 2 банан бар еді. Ол тағы 6 банан үзіп алды. Бала неше бананды үйіне әкетеді ?
28. Африкандық қыз 1 алма үшін 7 ананас берді, сосын көңілденіп тағы 2-еуін берді. Қыз 1 алма үшін неше ананас айырбастады ?
29. Бамбук ағашында 7 маймыл отыр. Оларға 3 маймыл келіп қосылды. Ағаш үстінде неше маймыл отыр ?

Азайтуға арналған тапсырмалар.

Тәттілер туралы есептер.



30. Анасы 5 кәмпит әкелді де , Маржанға 3-еуін берді. Анасында неше кәмпит қалды ?
31. Тәрелкеде 5 тәтті тоқаш жатыр. Оның 2-еуі желінді. Нешеуі қалды ?
32. Дүкен сәресінде 6 торт жатыр. Оның 3-еуі сатылып кетті. Сәреде неше торт қалды?
33. Қорапшасында 4 вафли болған еді. Оның 2-еуін алып тәрелкеге салды. Қорапшасында неше вафли қалды ?
34. Барлығы 10 вафли таяқшалары бар. Осының 6-уынан торт жасады. Неше вафли таяқшасы артық болған ?
35. Жараста 8 мармелад болды. Ол досына 3-еуін берді. Өзінде нешеуі қалды ?
36. Қорапта 8 зефир болды. 5 зефирмен тортты әшекейледі, ал қалғанын аспазшылар жеп қойды. Аспазшылар неше зефир жеді ?
37. Циркте көрсеткен өнері үшін аюға 6 қорап печенье тарту етті. Аю сол жерде 4-еуін жеп қойды. Қанша қорабы кейінге қалды ?
38. Анасы ауладағы жарыс үшін 10 шоколадты медаль даярлады. Оның 5-еуін жеңімпаздарға сыйлады. Анасында неше медаль қалды ?
39. Айжанның сәресінде 10 шоколад жатты. Ол 4-еуін үстелге қойды. Сәреде неше шоколад жатыр ?

Құны мен айырмашылықты табуға арналған есептер.

Спортшылар туралы есептер.



40. Марафонға 8 жүйрік қатысты. Жүгіріс кезінде 3 жүйрік аралықтан шығып қалды. Қанша жүйрік әрі қарай жүгірісті жалғастырады ?
41. Гимнастика үйірмесіне 5 спортшы қатысты. Жаттықтырушы тағы да 2 спортшы қабылдады. Үйірмеге неше спортшы қатысады ?
42. Аулада 6 ер бала футбол қызығына түсіп жатыр еді. Оларға 4 қыз бала қосыла кетті. Ауладағы футболшылар нешеу болды ?
43. Яхта-клубта 6 желкен болды. Тағы 4 желкен құрастырды. Яхта-клубта барлығы неше желкен болды ?
44. Мергендер көздеп атуға 10 белгі қойды. 8 белгіні атып түсірді. Қанша белгі сол қалпында қалды ?
45. Суға жүзуші жаттығу кезінде бассейінде 7 рет су астымен жүзді де, 3 рет құлаштап жалдады. Жүзгіш бассейінді неше рет жүзіп өтті ?
46. Саяхатшылар 5 күн жаяу жүріп, одан соң тағы 5 күнді қайықпен жүзіп өткізді. Саяхаттары неше күнге созылды ?
47. Шаңғыдағы мерген нысананы көздеп 5 рет атты да, 4 рет тигізді. Шаңғышы-мерген неше рет мүлт кетті ?
48. Сегіз- ескекті қайыққа 6 адам отырды. Қанша орын бос қалды ?
49. Ұшақтан 7 парашютшы секірді. Олардың 3-еуі шатырларын тез ашты да, қалғаны түсерде ғана ашатын болды. Қанша парашютшы батыл ?
50. 7 парашютшы белгіленген жерге дәл түсу үшін секірді. Бірақ олардың 3-еуі ғана нысанаға түсті, ал қалғаны қасына түсті. Неше парашютшы нысанаға түсе алмады ?
51. Шахматшылар жарысын 8 адам бастап еді, екінші турда тағы 2 шахматшыны қосты. Жарысқа неше шахматшы қатысты ?
52. Бір аулада 3 ер бала скейт теуіп жүрді. Келесі күні тағы 5 ұл өздеріне роликті тақтай сатып алды. Енді бұл аулада қанша бала ойнайды ?
53. Альпинистер 6 күн тауға өрмеледі, және тағы 3 күн одан төмен түсті. Альпинистердің саяхаты неше күнге созылды ?

Құстар туралы есептер.



54. Аулада 3 тауық балапаны және 2 үйрек балапаны қыдырып жүр. Аулада қанша балапан жүр ?
55. Жемсауыттан 5 балапан тамақтанды. Оларға 3 қаз балапаны қосылды. Жемсауыттан қанша құс тамақтанды ?

56. Бір тауық, 3 үйрек, 4 қаз және 5 күрке тауық өзен жағасына келді. Осы топтан неше құс суда жалдай алады ?
57. Бес үйрек жағада қыздырынып жатты. Олардың 3-еуі аздан соң инелік қуып кетті. Қанша үйрек қалды ?
58. Ана-тауық өзінің 7 балапанын жерден жем қазуға үйретті. 4 балапаны бұған үйреніп алды. Қанша балапан әлі жем қазуды білмейді ?
59. Жас әтештің сол жағына 4 нағыз қанат шықса, ал оң жағында тек 3-еуі ғана болды. Жас әтештің қанша нағыз қанаты бар ?
60. Аулада 7 балапан жайылып жүрді. Оларға қарға ұшып келгенде, 3 балапан тығылып қалды да, қалғаны қарғамен соғысқа шықты. Қанша балапан қарғамен соғысты ?
61. Үш күркетауық баласы 5 үйрек баласына кездесіп, бәрі жасырынбақ ойнады. Ойынға неше құс қатысты ?
62. Күн астында 4 үйрек қыздырынып жатыр еді, оларға 5 қаз жүгіріп келді. Қанша құс болды ?
63. Жеті кішкентай әтештер қақпадан секіруді үйреніп жатыр. Олардың 3-еуі секіріп өтті, ал қалғандары әлі үйренбеген. Қаншасы қақпадан секіре алмайды ?
64. Көлшікте 6 үйрек жүзіп барады. Олардың 3-еуі сүңгіп кетті. Су бетінде қанша үйрек қалды ?
65. Түнде 5 күркетауық қақпа үстіне, ал 3-еуі шатыр үстіне түнеді. Барлығы неше күркетауық түнеп шықты ?
66. Ана-үйректің соңынан оның 5 балапаны, олардың соңынан 4 көрші- қаз балапаны еріп барады. Ана-үйректің соңынан барлығы неше құс кетіп барады ?
67. Тауықтың астынан 4 ұл және 5 қыз балапан шықты. Тауықтың неше балапаны бар ?
68. Сегіз күркетауық балапанын далаға жіберді. Оның 6-уы шегіртке қуса, қалғаны шөп жеуге кірісті. Қанша балапан шөп жеп жүр ?

Санды бірнеше бірлікке арттыру және кеміту.

Көбелектер мен инеліктер туралы тапсырмалар.



69. Көбелектің бір түрінің кәдімгі 2 көзі бар және қанатында содан 2-еуі артық көзге ұқсас суреттері бар. Сонда қанатында неше көздің суреті бар?
70. Көк гүлдің үстінде 3 көбелек отыр, ал сары гүлде олардан 2-еуі кем көбелек қонған. Сары гүлге неше көбелек қонған ?
71. Таң ата егістікте 7 түнгі көбелектер және олардан 2-еуі кем күндізгі көбелектер кездесті. Егістікте қанша күндізгі көбелектер болды?
72. Арулар сайысына 5 махаон көбелектер және олардан 4-еуі артық адмирал көбелектер қатысты. Сайысқа қанша адмирал көбелектер қатысқан ?
73. Ақ көбелек 9 гүлдің шырынын ішті, ал алау көбелек одан 3 гүлді кем сорды. Алау көбелек неше гүлдің шырынын ішкен ?
74. Көгал инелігі бір күнде 5 егістікті аралап үлгерді, ал көгілдір көбелек 3 егістікті артық аралады. Көгілдір көбелек қанша егістікте болды?
75. Орамжапырақ құрты таңғы асқа 5 жапырақ жесе, түсте осыдан 2 жапырақ артық жеді. Ол түсте қанша жапырақ жеп қойды?
76. Бір кеште 6 құрт қуыршаққа айналды, келесі күні одан 3 құрт артық айналды. Екінші күні қанша құрт қуыршаққа айналды ?
77. Бір күндік көбелектің біреуі 1 күн өмір сүрді, ал екіншісі одан 2 күн артық өмір сүрді. Бұл көбелек неше күн өмір сүрді ?
78. Күндіз қалың шөп арасына 7 түнгі көбелек жасырынса, түнде одан 3-еуі кем күндізгі көбелек жасырынды. Түнде неше көбелек жасырынған?
79. Африка жерінде өте ірі көбелектер болады. Тіпті сол жер тұрғындары оларды аулайды екен. Бір мерген 5 көбелек атып түсірді ,ал одан 2-еуі артық көбелектер аман-сау ұшып кетті. Қанша көбелек ұшып кетті?

Құнын табу және бірнеше бірлікке арттыру есептері.

Ормандағы тапсырмалар.



80. Бірде 4 тиін көп-көп кедр дәнін тауып алды. Жинасуға тағы да 6 тиінді шақырды. Бұл пайдаға қанша тиін қарық болады?
81. Алаңқайда 3 бұғы жайылып жүр. Және олардан 6-уы көп қодас та жүр. Алаңқайда қанша қодас жайылып жүр?

82. Тиін қысқы қорегін 3 ағаш тамырының астына , қалғанын 5 емен діңіне сақтады. Тиінде қанша қойма бар ?
83. Далада 4 түлкі іні және одан 3-еуі көп борсық іні қазылған. Борсық іні нешеу ?
84. Ана-қасқырдың 4 бөлтірігі, ал ана-аюдың 2 қонжығы бар. Екі ананың барлығы қанша баласы бар ?
85. Қарағайлы орманға 5 жолбарыс жайғасты, ал кедр орманына 2-еуі артық болатындай жолбарыс жайғасты. Кедр орманында қанша жолбарыс өмір сүреді ?
86. Таң ата 3 аю балық аулауға келді. Түстен кейін оларға тағы 5 аю қосылды. Түстен кейін неше аю балық аулады ?
87. Түлкі 4 қоян ұстады ,ал қасқыр одан 5-еуін артық ұстады. Қасқыр қанша қоян аулады ?
88. Аю жабайы арасы бар 3 бөрене тауып алды, ал ана-аю одан 2 бөрене артық тапты. Аю-ана жабайы арасы бар қанша бөрене тауып алды ?



Өткен тақырыптардың бәрін қамтитын тапсырмалар.

89. 5 үй қояны қыдырып жүр еді. Олардың 2-еуі індеріне кіріп кетті. Қанша үй қояны қыдырып жүр?
90. Сөреде 5 қонжық тұр еді. Олардың біреуін ойнауға алды. Сөреде қанша қонжық қалды ?
91. Ағаш үстінде 5 маймыл өмір сүрді. Оларға тағы 3 –еуі қосылды. Ағашта қанша маймыл өмір сүреді?
92. Аулада 5 гүл өсіп тұрды. Оның 2-еуін жұлып әкетті. Қанша қалды ?
93. Сөреде 2 кітап тұрды. Оған тағы 3 –еуін қойды. Сөреде қанша кітап болды?
94. Жолда 2 ат келе жатты. Оларға тағы 4 ат кездесті. Жолда қанша ат келеді?
95. Пони 5 қызды және 4 ұлды қыдыртты. Понимен неше бала қыдырды?
96. Аспанда 2 бұлт болды. Оларға тағы 3-еуі қосылды. Аспанда неше бұлт болды ?
97. Екі қоянда неше аяқ бар ?

98. Алаңқайда қызыл қалпақты 3, сары қалпақты 4 саңырауқұлақ өсіп тұр. Алаңқайға қанша саңырауқұлақ өскен?
99. Қыз баланың 4 ақтышқаны болды. Ол 2-еуін досына сыйлады. Өзінде қанша ақтышқан қалды ?
100. Бір әке-сегізаяқтың 2 бала-сегізаяғы болды. Ал, екінші әке-сегізаяқтың 5 баласы болды. Барлығы неше бала-сегізаяқ бар?
101. Шатыр жиегінде 3 сүңгі тұрды. Түнде тағы 3 сүңгі пайда болды. Таңертең неше сүңгі ілініп тұрды ?
102. Бұтақ үстінде 3 сұрторғай отыр еді, оларға 5 торғай қосылды. Бұтаққа неше құс қонды ?
103. Бірінші бұлттан 3 қар ұшып шатырға түсті, ал екінші бұлттан 4 қар түсті. Екі бұлттан қанша қар шатырға түсті ?
104. Медетте 5 қонжық болды. Ол 3-еуін Саматқа берді. Медетте қанша қонжық қалды?
105. Қанатта 5 машина, ал Даниярда 4 машина. Екі балада неше машина бар?
106. Бұтақта 4 жарқанат ілініп тұрды. Кештетіп тағы екеуі қосылды. Бұтақта енді неше жарқанат ілініп тұр?
107. Сөреде 6 кітап тұр да , қасында 2 кітап жатыр. Сөреде неше кітап бар?
108. 10 көбелек ұшып жүрді. Олардың 4-еуі гүлге қонды. Қанша көбелек ұшуын жалғастырады ?
109. Жарастың 10 асығы бар еді. Ол Мараттың 1 асығын ұтып алды. Жарастың асығы нешеу болды?
110. Жол бойында 10 машина келеді. Олардың 4-еуінің жанармайы таусылып қалды. Қанша машина мәреге жетеді ?
111. Жол жиегімен 6 жолаушы келе жатыр еді, 5-еуі тура жолға бұрылып кетті. Жол бойымен неше адам кетіп барады?
112. Өзенде 10 қолтырауын жүзіп жүрді. Олардың 2-еуі жағаға шықты. Өзенде неше қолтырауын қалды?
113. Қоршау жиегінде 3 торғай отыр еді, оларға тағы 3-еуі келді. Торғай нешеу болды?
114. Түнде 5 жапалақ ұшып жүрді. Олардың біреуі өзінің ағаш діңіне қонды. Қанша жапалақ қыдырып жүр?
115. Сегіз қорқақ бұқа-балық тастың астына тығылып қалды. Ал, 2 батыр бұқа-балық шайқасып жүр. Қанша бұқа-балық бар екен?
116. Бес ұл-піл мен 3 қыз-піл футбол ойнауға шықты. Алаңда қанша піл доп қуып жүр?
117. Ана-тауық өзінің 8 балапанын ұшуға үйретіп жүр. Олардың 5-еуі ұшуды үйренсе, қалғаны ұша алмады. Неше балапан ұшу білмейді?
118. Далада 5 елік баласы жайылып жүр еді, оларға тағы 4-еуі шауып келді. Қанша дала жануары жайылып жүр?
119. Ұлдар текшеден 5 үйшік құраса, қыздар 4-еуін құрады. Барлығы неше үйшік құралды?
120. Он аю қыдырып жүр еді, Олардың 5-еуі апандарына кетті. Қыдыруға неше аю қалды ?

121. Бірінші жүйеде 3 құлпынай қызарса, екінші жүйеде 4-еуі қызарыпты. Қанша құлпынайды жеуге болады?

20-ға дейінгі сандарды қосып – алу.

Суретшілер туралы тапсырмалар.




122. Көркем сурет үйірмесіне 10 оқушы қатысады, ал қылқалам үйірмесінде 5 оқушы артық. Қылқаламшылар нешеу ?
123. Жас суретшілер аналарының 10 портретін салды. Бұл көркем суретке қарағанда 2-еуі аз. Жас суретшілер неше көркем сурет салған ?
124. Бір суретші 6 шабдалының суретін салды. Ал екінші суретші 12 шабдалы артық салды. Екі суретші қанша шабдалы салды ?
125. Жас суретші натюрмортқа 6 кесе, 4 стақан және 1 компот құйылған құмыраның суретін бейнеледі. Суретші неше ыдыстың суретін салды?
126. Жас суретшінің пейзажында 4 қайың , 6 шырша және 1 емен бейнеленген. Пейзажда қанша ағаш суреті салынған ?
127. Жас суретші 5 портрет, 5 натюрморт және портрет пен натюрморт қанша болса, сонша пейзаж салған. Ол барлығы қанша сурет салған ?
128. Жас суретші бір күнде 12 парақ пайдаланды. Оның 10-ындағы суреттері дұрыс болмай, жыртылып тасталды. Қанша суреті іске асты?
129. Суретші 14 сурет салды. 10 жұмысын достарына , 2-еуін мұғаліміне сыйлады. Өзінде неше сурет қалды ?
130. Жас суретші 14 сурет салу керек еді. 9 суретін салғаннан кейін оның парағы бітіп қалды. Неше суретін салып үлгермеді ?
131. Суретші 4 суретін жай қарындашпен, 10 суретті түсті қарындашпен және 2 суретті бояумен салды. Суретші барлығы қанша сурет салған ?
132. Суретші түсті бормен қатты қағазға 9 сурет , ал асфальтқа олардан 1 сурет артық салды. Суретші бормен қанша сурет салды ?

133. Мұғалім 20 оқушыға мысықтың портретін салуды тапсырды. 10 оқушының мысықтары болды да, олар қарап салды. Ал қалғандары ойша бейнеледі. Неше бала суретті ойымен салды ?
134. Мерекеге байланысты суретшілер терезе әйнегіне 10 сурет, ал есік әйнегіне одан 7 сурет кем бейнеледі. Суретші мерекеге арнап әйнектерге неше сурет салды ?

Белгісіз қосылғышқа арналған есептер.

Ас үй тапсырмалары.



135. Ыдыста 5 алма жатыр. Оның 2-еуі қызыл да, қалғаны сары. Ыдыста қанша сары алма бар?
136. Анаң 10 самса пісірді: 6-уы алма қосылған, ал қалғаны картоппен. Картоп қосылған неше самса пісірген ?
137. Асанның анасы 9 шыны ыдысқа тосап қайнатып құйды. 3 литрлік 4 ыдыс және қалғандары 1 литрлік ыдыстар. Асанның анасы литрлік ыдыстардың нешеуін пайдаланды?
138. Сайран еңбек сабағында 10 сулық тікті. Оның 6-уын кестеледі, ал қалғанын шашақтап жасады. Сайран шашақты сулықтың нешеуін ас үйге жинайды ?
139. 8 тілім торттың тек 5-еуіне ғана гүл әшекейленген. Қанша тілім тортта әшекей жоқ ?
140. Сәуле 9 құймақ пісірді. Оның 4-еуі ірімшікпен, ал қалғаны тосаппен қосылған. Қанша құймақ тосаппен жасалды ?
141. 6 тәрелкенің 4-еуінде жеміс суреті бейнеленген, қалғанында гүл бейнесі бар. Неше тәрелке гүл бейнесімен?

Саз аспаптары туралы тапсырмалар.

142. Ансамбльде 6 ер бала ойнайды. Оларға қыздар қосылғаннан кейін, олардың саны 15-ке жетті. Ансамбльге қанша қыз бала келген ?
143. Саз мектебінде пианино жетіспеді. Мектепке 6 пианино сатып алғаннан кейін 9 пианиномен жұмыс жүргізетін болды. Алдында қанша пианино болды ?

- 144.Сыныпта 7 орындық болды. Бұл аз еді. Тағы орындықтар әкелгенде 10 оқушы да отыратын болды. Оқушылар үшін неше орындық қажет болған ?
- 145.Оркестрде бірнеше қобызшылар ойнайды. Оларға 2 скрипкашы қосылғанда, олардың саны 9-ға жетті. Қобызшылар нешеу болған ?
- 146.Сазгер адам 4 саз аспаптарында ойнай алады. Егер ол, 9 аспапта ойнауды армандайтын болса, әлі неше аспапты үйренуі қажет ?
- 147.Электрлі пианино 6 саз аспаптарының үнін орындай алады.Егер музыкалық пьеса 10 аспаппен орындалу керек болса, осы электрлі пианиноға әлі неше аспаптың үнін шығару керек ?
- 148.8 адамнан құралған ансамбльде әншілер де, аспапта ойнаушылар да бар.Егер, олардың 6-уы түрлі аспапта ойнаушы болса, нешеуі әнші болғаны ?



Белгісіз қосылғыштың мәнін табуға арналған есептер.

Гүлдер жайында тапсырма.



- 149.Құмырада 5 қызыл және 4 қызғылт раушан гүлі тұр. Құмырада қанша гүл бар?
- 150.Гүл шоғында 9 гүл бар. Оның 4-еуі қызыл, қалғандары сары. Гүл шоғында қанша сарғалдақ бар ?
- 151.Жанар гүлдерден 7 орам жасады. Оның 5-еуі райхан гүлінен, ал қалғаны бақ-бақтан. Жанар бақ-бақ гүлінен неше орам жасады ?
- 152.Беторамалда гүлдер кестеленген : 3 мак және 5 лала гүлі. Беторамалда барлығы қанша гүлдер кестеленген ?
- 153.Бір құмырада 3 бәйшешек , басқа құмырада 5 бәйшешек тұр. Екі құмырада қанша гүл бар ?

154. Терезе жақтауында 4 фиалка , 3 калл гүлдеп тұр. Терезе алдында қанша гүл гүлдеп тұр ?
155. Талғат компьютер жанына 3 кактус егіп қойды. Әр кактустан екі-екіден гүл шықты. Кактустардың барлығынан қанша гүл шықты?
156. Ауладағы 10 астра гүлінің 3-еуі жұлынды. Нешеуі өсіп тұр?

Салыстыруға арналған тапсырмалар.

Саяжай туралы есептер.



157. Анаң 8 қызыл және 10 сарғыш қызанақ жұлып алды. Анаң қызыл қызанаққа қарағанда сарғыш қызанақтың нешеуін артық жұлды ?
158. Шыны табаққа 7 алма немесе 10 алмұрт сыяды. Алмұртқа қарағанда алманың нешеуі кем салынады ?
159. Бақшада 7 қарбыз және 6 қауын тез пісті. Қайсы аз және қаншаға аз?
160. Әкесі 8 жеміс ағашын отырғызды, ал Марал 2-ін отырғызды. Марал әкесіне қарағанда қанша ағаш кем отырғызды ?
161. Жас өрік ағашында 9 өрік , ал шабдалы ағашынан 10 шабдалы пісті. Қай ағашта көп жеміс бар? Қаншаға көп?
162. Биыл 10 шелек шие, 8 шелек өрік жинап алынды. Шиеге қарағанда өріктің неше шелегі кем ?
163. Көктемде 2 шелек түйнек егіліп, күзде 10 шелек түйнек жинап алынды. Еккенге қарағанда неше шелек түйнек көп жиналды ?
164. Бақшада 8 орамжапырақ өсті. Бұл аз болған соң тағы 10 орамжапырақ сатып алынды. Сатып алынғанға қарағанда, бақшада шыққан көкөністің нешеуі кем ?
165. Жүйекте 7 жасыл , 9 сары асқабақ өсіп жатыр. Қай түсті асқабақ көп ? Нешеуі артық ?
166. Әкесі салатқа 8 қияр, Марал 3 қияр үзіп алды. Кім көп үзді? Нешеуі көп ?
167. Жас алмұрт ағашы 4 метр, ал кәрі ағаш 9 метр биіктікте. Кәрі ағаш жас ағаштан қанша метр биік ?
168. Кәрі ағаштан 10 шелек алмұрт, ал жас ағаштан 3 шелек алмұрт жиналды ? Қай ағаш мол өнім берді? Неше шелек артық алынды?

169. Қыста қояндар 5 жас алма ағашын кеміріп тастады. Маралдың әкесі оның орнына 8 жас ағаш отырғызды. Жоғалтқан ағашқа қарағанда қанша ағаш артық отырғызылды?
170. Мектеп участкесіне 4 алма ағашының жазғы сорты және 9 қысқы сорты отырғызылды. Қысқыға қарағанда жазда жеміс ағашы қанша ағаштың өнімін кем береді ?

Салыстыру және мәнін табуға арналған есептер.



Жолдағы тапсырмалар.

171. Жолда 5 жүк машинасы және 4 жеңіл машина келеді. Жолда барлығы неше машина жүріп келеді?
172. Жолда 5 жүк машинасы және 4 жеңіл машина келеді. Жеңіл машинаға қарағанда жүк машинаның нешеуі артық келеді ?
173. Автотұрақта 6 машина болған еді. Тағы 2 машина келіп тұрды. Автотұрақта қанша машина болды ?
174. Жол бойымен 5 велосипетші мен 3 мотоциклші келеді. Мотоциклшілердің велосипетшілерден нешеуі кем жүріп келеді ?
175. Велосипед тұрағында 5 ересектер және 3 балалар велосипеді тұр. Тұрақта барлығы неше велосипед тұр ?
176. Жұмысшылар 5 автобусты қызылға , 4 автобусты сарыға жаңалап бояды. Қанша автобус жаңарып шықты ?
177. Жұмысшылар 4 автобусты сарыға , 2 автобусты қызғылт түске бояды. Сарыға қарағанда қызғылт автобустың нешеуі кем ?
178. Көпір үстімен 6 машина , ал көпір астымен 9 машина өтіп келеді. Көпір үстіне қарағанда, көпір астымен неше машина артық жүріп келеді ?
179. Үш жүк машинасы 9 жеңіл машинаны тиіп алып келе жатыр. Осы керуендегі жеңіл машиналардың жүк машинадан қаншасы артық ?
180. Автотұрақтан 5 машина шыққанда онда әлі 4 машина тұрды. Тұрған машиналарға қарағанда жүрген машиналардың нешеуі артық ?
181. Автобустың 7 жолаушы келе жатыр еді, аялдамадан тағы 3 жолаушы мінді. Бұрынғы жолаушыларға қарағанда соңғы жолаушылардың нешеуі кем ?
182. Автобуста 4 жолаушы отыр. Келесі аялдамадан 6 жолаушы тағы мінді. Автобуста барлығы қанша адам болды ?

183.Автодүкен 6 отандық машина және 8 шетелдік машина сатты.Қандай машинаны көбірек сатты және нешеуін ?

«Сонша» ұғымы және екі қосылғыш арқылы үшінші қосылғышты табуға арналған есептер.

Хайуанаттар туралы тапсырмалар.



- 184.Хайуанаттар бағында 5 ақ аю және сонша гималайлық қоңыр аю бар. Екі түрлі аюдың нешеуі хайуанаттар бағында өмір сүреді ?
- 185.Тор ауласында 6 қонжық, 3 бөлтірік және қонжық пен бөлтіріктердің барлығы қанша болса, сонша түлкі күшіктері ойнап жүр. Түлкі күшіктері қанша?
- 186.Суда 4 су сиыры жалдап жүрсе, 5-еуі күн көзіне қыздырынып жатыр. Ал судағы мен қыздырынып жатқан су сиыры қанша болса, соншасы астаудан таңғы астарын жеп жатыр. Астаудан тамақтанып жатқан су сиыры қанша болған ?
- 187.Мал дәрігері 6 аңды, 4 құсты және аң мен құсты қосқанда қанша болса, сонша жыланды тексеруден өткізді. Дәрігер қанша жыланды тексерді ?
- 188.Хайуанаттар бағында 3 бүркіт, 6 лашын және бүркіт пен лашын қанша болса , сонша ителгі өмір сүріп жатыр. Бақта қанша ителгі бар ?
- 189.Жаңбырлы күні 3 қарақұйрық үйшік ішіне , 5-еуі шатыр астына тығылды.Ал үйшік пен шатыр астына жасырынған қарақұйрық қанша болса, соншасы, тағы да жауын астында қалды. Неше қарақұйрық су болды ?
- 190.Тордағы 3 аю көрермендерден тәтті сұрады. Біріншісі 5 кәмпит, ал екіншісі 2 кәмпит, ал үшіншісі бірінші мен екіншінің табысын қосқандағыдай кәмпитке ие болды. Қайсысы көп табыс тапты? Үшіншісі неше тәтті жейді ?
- 191.Мүйізтұмсықты жуындыру үшін 4 шелек су, зебрді жуындыру үшін 6 шелек су, ал пілді жуындыру үшін осы екеуіне қанша шелек су кетсе, сонша шелек су қажет. Пілді жуындыруға неше шелек су кетеді ?
- 192.Жауын жауған кезде 3 құлан ағаш астына тығылса, 5-еуі үйшікке тығылды. Ал ашық аспан аясында сонша құлан қалып қойды. Неше құлан жауыннан тығылды, ал нешеуі ашық аспан астында тұр?

193. Қолтырауынның 5 ұл баласы және 4 қыз баласы бар, ал итбалықта қолтырауында қанша бала болса сонша баласы бар. Итбалықта неше бала бар ?
194. Торда 3 көжек және 2 қоян қамалып тұр. Алаңда торда қанша қоян болса сонша үй қояндары асыр салып ойнап жүр. Үй қояндары нешеу болған ?
195. Орман шетінде 4 елік және 5 қарақұйрық серуендеп жүр, ал тау басында елік пен қарақұйрық қанша болса, сонша арқар жатыр. Тау үстіндегі арқарлар қанша ?
196. Теңіз бетінде 2 көк кит және 4 алып кит жүзіп жүрді, ал теңіз астында киттер қанша болса сонша акулалар жүзіп келеді. Акулалар саны қанша ?
197. Көрермендер тордағы арыстанға 5 шұжық, жолбарысқа-3, ал қонжыққа екеуіне қанша берсе, сонша шұжық сыйлады. Қонжық неше шұжық жеді ?
198. Дәрігер 3 қодас, 7 маймылдың және қодас пен маймыл қанша болса сонша қонжықтың тісін емдеді. Қанша қонжықтың тісін емдеген?
199. Аквариумда 2 алтын балық, 3 бұғыбалық және екеуін қосқанда қанша болса, сонша жай балықтар жүзіп жүр. Кәдімгі жай балықтар нешеу ?

**Барлық өткен тақырыпты қамтитын тапсырмалар.
Ойыншық дүкені**



200. Ойыншық дүкенінде 5 резеңке доп және одан 3-еуі артық былғары доп тұр. Дүкенде былғары доп нешеу ?
201. Дүкенде 8 қуыршақтарға арналған үй бар еді. Оның 2-еуі сатылды. Дүкенде қанша қуыршақ үйі қалды ?
202. Үлкен қуыршақ үйінің 3 жатын бөлмесі және одан 2-еуі артық қонақ бөлмесі бар. Қуыршақ үйінің қонаққа арналған бөлмесі қанша ?
203. Дүкенде қуыршаққа арналған 8 ыдыс жиынтығы тұр. Ал, жиһаз жиынтығының одан 4-еуі аз. Дүкенде қуыршақ жиһазы нешеу ?
204. Дүкенге 5 қыз және 3 ер бала келді де, бір-бірден шар сатып алды. Бұл топ дүкеннен қанша шар әкетті ?
205. Жаттықтырушы өз шәкірттеріне 6 футбол добын және одан 2-еуі артық волейбол добын сатып алды. Жаттықтырушы барлығы неше доп алды ?

206. Дүкенге бірінші сыныптың 10 оқушысы келіп, 8-і бір-бірден дәптер, ал қалғаны бір-бір қаламнан сатып алды. Неше бала қалам сатып алды ?
207. Дүкенге 9 қыз бала келді. Олардың 6-уы бір-бір қуыршақтан алды. Ал қалғаны екіден алды. Сонда неше қыз көп қуыршақ алды ?
208. Сөреде 7 кішкентай доп және 9 үлкен доп жатыр. Сөреде қандай доп көп ? Қаншаға көп ?
209. Бір күнде дүкенде 5 ойыншық трактор, 3 машина және трактор мен машина қанша болса, сонша ұшақ сатылды. Бір күнде неше ұшақты сатып жіберді ?
210. Дүкенде 8 ойыншық телефондар тұр. Олардың 7-еуі ұялы телефон, ал қалғаны жай телефон. Дүкенде жай телефон нешеу ?
211. Дүкенде 5 сағат және 9 таразы тұр. Таразының сағатқа қарағанда нешеуі артық ?
212. Таңертең дүкенде 10 қорап бор бар еді, түске дейін 7 қорабын сатып жіберді. Дүкенде неше қорап бор қалды ?
213. Спортшылар үстел теннисі үшін 10 теннис шарын сатып алды. Оның 4-еуін ойын кезінде жоғалтты. Неше теннис шары қалды ?
214. Кішкентай үй иесі өзінің қуыршағы үшін 5 қауырсын кастрюль сатып алды. Ал темір кастрюльден қауырсынға қарағанда біреуін артық алды. Темір ыдысы нешеу ?
215. Кішкентай үй иесі өзінің қуыршағына 5 көйлек, 3 қалпақ, және көйлек пен қалпақ қанша алса, сонша етік сатып алды. Кішкентай үй иесі қуыршағына неше етік алды ?
216. Кішкентай үй иесі өзінің 8 қуыршағына бір-бірден сөмке алып бермекші болып еді, дүкенде бар сөмке алтау ғана екен. Неше қуыршағы сөмкесіз қалады ?
217. Балалар қатырмадан жасалған 4 желкенді қайық, 3 көлік және желкенді қайық пен көлік қанша болса сонша ұшақ моделін көрмеге әкелді. Балалар барлығы қанша модель жасаған ?
218. Дүкендегі 7 велосипедтің 3-еуі үш аяқты, ал қалғаны екі аяқты. Дүкенге екі аяқты велосипедтің нешеуі келген ?
219. Жаңа жыл қарсаңына байланысты дүкен сөресіне 4 Аяз ата және 3 Ақша қарды әкеп қойды. Аяз атаға қарағанда Ақша қардың нешеуі аз ?
220. Дүкенге 8 ойын қорабы түсті. Олардың 3-еуіне ертегі көрінісі бейнеленген де, қалғандары спорт туралы болды. Спортқа арналған ойын нешеу ?
221. Дүкенге 9 үрленетін үлкен шар әкелінді. Оның 2-еуі жарылған болып шықты да, оларды қайтадан фабрикаға тапсырды. Дүкенде неше үрме шар қалды ?
222. Дүкенге балалардың 3 аспалы сөмкесі әкелінсе, ал қуыршақтардың аспалы сөмкесі оларға қарағанда 7-еуі артық әкелінді. Қуыршаққа арналған аспалы сөмке нешеу ?
223. Әкесінің ұялы телефоны 9 ырғақ жаза алады. Ал Қанағаттың ойыншық ұялы телефоны 8 ырғақ кем жазады. Қанағаттың ұялы телефонында қанша ырғақ бар ?

224. Дүкенге басқарумен жүргізілетін 4 машина әкелініп еді, олар жылдам сатылып кетті де, тез арада тағы 5-еуін әкелуге тура келді. Дүкенге барлығы неше машина әкелінді ?
225. Жұмсақ ойыншықтар бөлімінде 8 ит сатылады. Олардың 3-еуі қымбат, коллекциялық, ал қалғаны арзан, ойын үшін шығарылған. Ойнауға арналған неше ит бар?
226. Дүкен сөресінде 7 «кішкентай дәрігер» жиынтығы және 10 «кішкентай шаштараз» жиынтығы тұр. Дәрігерлер жиынтығының шаштаразға қарағанда нешеуі кем ?
227. Ойыншық бөлімінің сөресінде 4 теледидар, 3 тоңазытқыш, теледидар мен тоңазытқыш қанша болса, сонша газ плитасы тұр. Сөредегі газ плитасы нешеу ?
228. 9 шаңсорғыштың 5-еуі жуғыш, ал қалғандары кәдімгідей. Қалғандардың ішінде нешеуі кәдімгідей ?
229. Сөреде сандар жазылған 4 текше қорабы, әріптерімен 5 текше қорабы және сандар мен әріп қораптарын қосқанда қанша болса, сонша суретті текше қорап тұр. Сөреде неше суретті текше қорабы тұр ?
230. Жанболатқа 4 жабайы және 6 үй жануарларының ойыншықтарын сатып әперді. Жанболаттың неше ойыншығы бар ?
231. Бір қорапта 6 фломастер, ал келесі бір қорапта 10 қарындаш. Осы қораптарда не көп ? Қаншаға көп ? Қаншаға аз ?
232. Дүкенде 9 түрлі бояу жиынтығы сатылады. Осының 3-еуі майлы, қалғандары құрғақ бояулар. Дүкенде қанша құрғақ бояу түрлері сатылады ?
233. Мәдина 5 тор көз дәптерін және сонша жол дәптерін сатып алды. Мәдина жол дәптерден нешеу сатып алған ?

Белгісіз азайтқышты табуға арналған есептер.

Әжейдің тапсырмалары.



234. Әжей 8 тоқаш пісірді. Немересі жегеннен кейін 2 тоқаш қалды. Немересінің қарны тоюы үшін неше тоқаш керек болды ?

235. Әжей 6 шұлық тоқып еді, оның бірнешеуін кішкентай мысық керует астына апарып тастады. Әжейге керует астынан неше шұлық алу керек ?
236. Әжейдің 9 түйреуіші болды. Әжей оның бірнешеуін жерге шашып алды, ал қолында 4 түйреуіші ғана қалды. Еденнен қанша түйреуіш іздеу керек ?
237. Әжей бесік жырынан 10 жырды айтып жүруші еді. Біраз жырды ұмытып, тек 5-еуін ғана жақсы есте сақтапты. Әжей сонда неше бесік жырын ұмытты екен ?
238. Әжейдің 7 сүйіп оқитын кітабы бар. Олардың біразын әжей көзілдірікпен ғана оқиды да, ең сүйікті 2 кітабын көзілдіріксіз де оқып бере алады. Әжей қанша кітапты көзілдіріксіз оқып бере алмайды ?
239. Әжей 10 котлет қуырды. Мысығы сұрап болмаған соң, оған да берді. Ал қалған 8-ін үстелге әкелді. Әжейдің мысығы неше котлет жеген ?
240. Әжесі немересін тербетіп отырып 8 бесік жырын жырлады. Немересі оның бірнешеуін тыңдады, ал соңғы 4 өлеңде ұйықтады. Немересі неше бесік жырын тыңдады ?
241. Әжейдің 8 достары болды. Оның бірнешеуі алыс қалаларға көшіп кетті де, екеуі ғана қалды. Неше досы көшіп кетті ?
242. Әжей өз қолымен 6 жастық жасады. Оның біразын алып қалды да, екеуін келініне берді. Әжейдің өзінде қанша жастық бар ?
243. Әжей мереке күні 6 шырақ жағып қойды. Немересі ұйықтар кезде оның 3-еуін сөндірді, ал қалғаны біткенше жанды. Неше шырақ аяғына дейін жана алмады ?

Белгісіз азайғыш, азайтқыш, айырманы табуға арналған есептер.

Жапсырмалы әріптер туралы тапсырмалар.



- 244.10 жапсырмалы әріпті алып, одан «АНА» сөзін құрағанда неше әріп керексіз болып қалады ?
- 245.10 жапсырмалы әріптерді алдық. Оның бірнешеуі тоңазытқыш есігінде жабысып тұрыпты, ал 3-еуі оның қабырғасына жабысыпты. Есікте неше әріп тұрған ?
246. Бірнеше жапсырмалы әріптер алынды. Осылардан «Отан» сөзі құралғаннан кейін де, сонша әріп артылып қалды. Неше әріп алынды?
247. Әдемі 10 әріптің 8-інен үй құрастырды. Неше әріп артық қалды ?
248. Жарас 10 әріптен сөзжұмбақ құрастырды. Бірінші 8 әріптен ұзынынан сөз жапсырды, ал қалған әріптерді енінен оқитындай сөз құрастыруға жұмсады. Ұзынынан құрауға неше әріп кірмей қалды ?
249. Данияр тоңазытқыш есігіне жапсырмалы 10 әріптен сөз құрастырып ойнады. Бірнеше әріптің асты жабыспай түсіп қалды да, есікте 6 әріп қалды. Қанша әріптің асты жарамсызданған ?
250. Таңат әріптерден «ТОТЫҚҰС» сөзін құрады. Бұл сөз тотықұсқа ұнап қалды да, ол 3 әріпті өз торына кіргізіп алды. Қанша әріп қалып қойды?
251. Жадыра 10 әріптен тұратын сөз құрастырды. Сосын оны 2-ге бөліп тастады. Егер екінші бөлігіндегі сөз 4 әріптен тұрса, бірінші бөлікте қанша әріп болған ?
252. Данияр 9 әріптен сөз құрады. Оның ішінен дауысты дыбыстардың бәрін алып тастағанда, 6 әріп жабысып тұрды. Сөзде дауысты дыбыстар қанша болған ?
253. Тақтадағы құрастырылып тұрған сөзден Маржан 3 «О» әріпін алып тастағанда, тақтада 4 әріп қалды. Сөз неше әріптен құралған еді ?
254. Анасы Таңатқа 9 сөзден тұратын хабар жазды. Ал Таңат болса, жауап жазу үшін анасының сөзінен 4 әріпті пайдаланды. Таңатқа жауап жазу үшін, анасының сөзінен неше әріп керек емес болып қалды ?
255. Мұғалім 10 әріпті уыстап үстел үстіне тастады. Олардың алтауы бір-біріне жабысып түсті де, қалғаны бөлек-бөлек түсті. Қанша әріп жабыспай түсті ?
256. Жадыраның бірнеше «А» әріптері болған еді. Ол 6 әріпті жоғалтқан соң, қолында 4 әрәп қана қалды. Жадырада басында қанша «А» әріпі болған ?
257. Майра 10 түсті әріптен «МАТЕМАТИКА» сөзін құрастырды. Інісі сөздің ішіндегі қызыл түсті әріптерді алып қойғанда, сөзде 7 әріп қалды. Қызыл түсті әріптер нешеуі болған ?
258. Данияр ойыншық темір машинасына 10 жапсырмалы әріпті жапсырмақ болды. Бірақ жетеуі ғана жабысты да, қалғаны түсіп қала берді. Қанша әріп машинаға жабыспай қойды ?

Өткен тақырыптарды қамтуға арналған тапсырмалар.

Әр түрлі есептер.



259. Екі дос қыздардың неше аяғы бар ?
260. Жайнаның туған күніне 7 құрбысы келді. Мерекелік дастархан басында неше қыз отыр ?
261. Қыста цирк маймылының аяғы мен қолына қолғап кигізіп қоюға тура келді. Бір маймылдың барлық қолғабы жыртылып, тек біреуі ғана қалды. Оған қанша қолғап жетіспейді ?
262. Әкесінің 5 баласы және шешесінің 5 баласы бар. Бұл отбасында қанша адам тұрады ?
263. Самат 4 тәрелкені жуғаннан соң 2 тәрелке қалды. Неше тәрелке сынып жатыр ?
264. Арманның үйінде жөндеу жүріп жатты. Ол сол аяғымен көк сырды, оң аяғымен жасыл сырды басып кетті. Ал бөлмеде -5 жасыл із және 4 көк із жатыр. Арман бөлмеде неше рет аттап жүрген ?
265. Аулаға шығатын кішкентай мысықты 7 қолайсыздық күтіп тұрды. Ол 5 қолайсыз жағдайды басынан кешірді. Оны әлі неше қауіпті оқиға күтіп тұр ?
266. 10-ға дейін санай алатын төрт жасар Сағит 6 аңды ғана санап берді. Ол қанша аңды ұмытып қалды ?
267. Анар мен Шынарда 8 дойбы тасы болды. Анар Шынардың 1 дойбысын, ал Шынар Анардың 2 дойбысын жеп қойды. Анарда қанша дойбы тасы қалды ? Ал Шынарда ше ?
268. Үстел үстінде 10 кәмпит жатты. Шешелері шығып кеткенде Марат пен Таңат бір кәмпиттен жеп алды. Үстел үстінде неше кәмпит қалды ?
269. Түлкі 9 үйректі қуып берді. 2 үйрек көлге сүңгіп кетті де , қалғаны ұшып кетті. Қанша үйрек әуеде ?
270. Мысық пен күшік төбелесіп қалды. Мысық 6 жерден жараланды, ал күшіктің 4 жері тырналған. Иелеріне қанша жараны емдеу керек болды ?
271. Айжан анасының бояуын тауып алып, анасы келгенше сол қолының барлық тырнағын, ал оң қолының 4 тырнағын бояп үлгерді. Ол қанша саусағының тырнағын бояды ?
272. Түскі ас кезінде сегізаяқ әр аяғына 4 шанышқы және қалғанына пышақ ұстады. Неше пышақ қажет болды ?
273. Үш басты екі айдаһар бастарына қалпақ киіп алуға келісті. Оларға неше қалпақ керек болады ?

- 274.Сөреде 6 әдемі кесе жиналып тұратын еді. Жарас аздап футбол ойнағаннан кейін сөреде 2 кесе тұрды. Қалған кеселер қайда ? Нешеуі сынды ?
- 275.Арыстан мен қоян бірігіп 10 самса жеді. Арыстанға бөлінгені-9 самса болды. Сонда қоян неше самса жейді ?
- 276.Алып адам өзіне үй тұрғызғысы келді. Ол кірпіштен үй жасауға ерінді. Сөйтті де 5 қабатты үйді дәл сондай қабатты үйдің үстіне қоя салды. Алып адамның үйі неше қабатты ?
- 277.Бай патшаның 5 алтын тиыны, ал кедей патшаның 2 алтын тиыны бар. Екі патшада қанша тиын бар ?
- 278.Көшеде 3 үй болды. Тағы 1 үй салды. Көшедегі үйлер нешеу болды ?
- 279.Пойыздың 4 вагоны бар еді, оған 3 вагон тіркеді. Пойызда неше вагон болды ?
- 280.Авто тұрақта 5 қызыл машина және 1 сары машина тұды. Тұрақта барлығы қанша машина ?
- 281.Аквариумда 5 үлкен және 2 кішкентай балық жүр. Балықтар нешеу ?
- 282.Қорапта ойыншықтар жатты. Оларға 2 ойыншық салғанда ойыншық саны 10-ға жетті. Алдында қорапта қанша ойыншық болған ?
- 283.Ер бала 7 терезе жуды, ал қыз бала одан 3-еуін артық жуды. Қыз бала неше терезе жуды ?
- 284.Шебер 5 мата қуыршақ және одан 4-еуі артық ағаш қуыршақ жасады. Шебер ағаш қуыршақтан нешеу жасады ?
- 285.«Қасқыр мен сегіз лақ» ертегісін қою үшін 5 қуыршақ лақ жасалды. Әлі неше лақ жетпейді ?
- 286.Бір артист 3 қуыршақты ойнаттырды, ал екіншісі одан 7 қуыршақты артық бағындырды. Екі артистке қанша қуыршақ бағынды ?
- 287.Білгіш өзінің достарына 10 жұмбақ жасырды. Достары 2 жұмбақты шеше алмады. Олар неше жұмбақтың шешуін тапқан ?
- 288.Әділ шашкадан 10 партия жеңіске жетті де, осыдан 7 партия кем жеңіліске ұшырады.Әділ неше рет жеңілген ?
- 289.Томиристің гербариінде 6 кептірілген ақ раушан және одан 4-еуі артық қызыл раушан бар екен. Томиристің қызыл раушаны нешеу ?
- 290.Үйретуші аренаға 4 арыстан, 6 жолбарыс, арыстан мен жолбарыс қанша болса, сонша қабылан алып шықты. Үйретуші аренаға барлығы қанша аң алып шықты ?
- 291.Көзбояушы 7 пілді 10 тышқанға айналдырып жіберді. Тышқандарға қарағанда пілдің нешеуі кем болды ?
- 292.12 гимнастшылардың 2-еуі сальто жасады да, қалғандары қолдарымен жүрді. Неше гимнаст қолмен жүрді ?
- 293.От шашқан сақинадан 3 арыстан секірді.Егер аренада 5 арыстан жүрсе, нешеуі секірмей қалды ?
- 294.15 артистің сайқымазақтан басқасы биіктікке секіріп жатты.Неше артист секіру біледі ?
- 295.5 аю және одан 5-еуі артық маймыл велосипед теуіп жүр. Велосипедте қанша аң жүр ?

296. Аренада 4 ит 6 түйенің үстінен секіріп өнер көрсетті. Аренадағы түйелерден иттің нешеуі кем ?
297. Бір сайқымазақтың 10 сырнайы болды, ал екіншісінің одан 2 сырнайы кем. Екі сайқымазақта қанша сырнай болды ?
298. Аренада 14 піл футбол ойнады. Олардың 4-еуі қақпаға доп салды. Неше піл қақпаға доп сала алмады ?
299. Мерген садағымен 4 рет нысанаға дәл тиді, ал 6 рет жанап өтті. Мерген неше рет садақ атты ?
300. Акробаттар жүгіріп шығып өнер көрсете бастады. Үшеуі кілем үстінде, қалған алтауы турник үстінде жүрді. Акробаттар нешеу ?

Ойлау қабілетін дамытуға арналған тапсырмалар.



1. Салт атты адам келеді. Олардың аяқтары нешеу ?
2. Шалшық судан секіріп өту үшін көжек бірдей 5 аттам аттады, ал бақа 4 рет аттады. Екеуінің аттаған ара қашықтықтары бірдей, сонда қайсысының аттамы үлкен болған ?
3. Жолаушысы жоқ трамвайға атасы, әжесі және 7 немересі отырды. Трамваймен неше адам кетіп барады ?
4. Бірінші қатарда 3 оқушы кем. Ал екінші қатарда 2 оқушы кем. Сонда қай қатарда балалар көп отыр ?
5. Күшік пен мысық дос. Олардың алдына 10 шұжық қойып еді, мысық біреуін жегенше, күшік екеуін жеп отырды. Шұжық жеп болғаннан кейін екеуі 1 шұжыққа таласып ренжісіп қалды. Күшік неше шұжық жеп алды ? Мысық ше ?
6. Түлкінің салмағы екі қоянның салмағындай, ал бір қоянның салмағы екі тиіннің салмағындай, тиіннің салмағы екі тышқанның салмағындай. Түлкінің салмағымен теңесу үшін тышқандар нешеу болу керек ?
7. Хайуанаттар паркіндегі кішкентай пони 3 үлкен адамды, немесе 6 баланы қыдырта алады. Бір жанұядағы әкесін, шешесін және кішкентай ұлы мен қызын қыдыртуы мүмкін бе ?
8. Ана-бақа мен қызы-бақа шыбындарды кезектесіп аулап отыр: ана шыбын, қыз шыбын, ана шыбын, қыз шыбын т. с. с. Қайсысы көп шыбын аулайды, анасы ма, қызы ма ?
9. Үстел үстінде әр түсті шарлар жатыр. Егер тек қызыл мен көк түсті санасақ – 3 шар санаймыз, егер қызыл мен жасыл түсті санасақ - 4 шар

санаймыз, ал көк пен жасыл түсті санасақ – 5 шар санаймыз. Сонда үстел үстінде әр түсті неше шар жатыр ?

10. Қаздың жарты салмағы 3 кг. Қаз неше килограмм тартады ?
11. Парақ бетіне шаршы және дөңгелек 4 фигураның суретін салды. Егер біріншісі екіншісінен тағы 2- еуі артық болып тұрса қанша шаршы, қанша дөңгелек салынған ?
12. Футбол ойыны кезінде Жеңіс қарсыласының қақпасына 7 гол соқты. Егер ойын соңындағы нәтиже 10:6 болса, Жеңістің командасы жеңді ме, әлде жеңілді ме ?
13. Алып адам тоғыз қабатты үйдің екінші қабатында тұратын еді. Бірде оның жоғарғы қабатта тұрғысы келіп кетті де, үйді төңкеріп, шатырын төмен қаратып қойды. Енді алып адам нешінші қабатта тұратын болды ?
14. Желаяқтар тобы жолақшамен жүгіріп келеді. Бір жүйрік төртінші келеді, егер алдынан санаса. Және төртінші келеді, егер соңынан санаса. Топта желаяқтар саны нешеу ?
15. Аспазшы шұжықты төрт рет кесті. Қанша бөлік шұжық шығады ?
16. Вазада үш түсті 6 алма жатыр. Бұлардың қызылы сарысынан артық, ал сарысы жасылынан көп. Вазада әр түстен қанша алма жатқанын білуге бола ма ? Түсіндір.
17. Жәшікте 3 қызыл және 3 көк шарлар жатыр. Осылардан үстелдің үстіне бірінші қызыл, содан кейін көк, сосын қызыл шар алып қойды. Бұдан соң жәшік ішінен тағы 2 шар алмақшы болып шешті. Ал бұл шарлар қандай түсте болуы мүмкін?
 - а) екеуі де көк
 - ә) екеуі де қызыл
 - б) қызыл және көк
18. Робот бұзылып қалды да, енді тек алға жүрді, әрі, әр аттаған сайын артқа екі аттам жасады. Алға және артқа жүргендегі ара қашықтығы бірдей. Егер робот 10 қадам жасаса, алғашқы бағытынан қай жаққа, қанша қадам жасап жүреді ? Дәлелдеп көрсет.
19. Шынжырлы тербелгіш дөңгелене жасалған, бірінің артында бірі бар 6 отырғыштан тұрады. Самат Айдананың алдында кетіп барады, және олардың ортасында тағы бір отырғыш тұр. Немесе Айдана Саматтың алдында кетіп барады деуге де болады. Осылай десек, екеуінің арасында тағы неше отырғыш бос тұр ?
20. Мараттың 5 ағасы және 4 апасы бар. Басқа ешқандай туысы жоқ. Егер бәрі бір-біріне туыс болса қанша бауыр бар ?
21. Мереке күні барлық қонақтар билеге ортаға шықты. Екі-екіден тұрып еді, біреуі артық болып қалды. Сосын үш-үштен тұрып еді, тағы бір қонақ артық шықты. Егер олардың саны 10-нан аз екендігі белгілі болса, қанша қонақ келген ?
22. Арқан тарту үшін 2 теңізші 3 балықшының күшіне тең болып шықты. Арқанның бір жағына 9 балықшы тұрды. Осылардың күшімен тең болу үшін арқанның екінші жағына неше теңізші тұру керек ?

23. Шахматшылардың сайысына үш шахматшы қатысты. Әр қайсысы бір-бірімен бір-бірден ойнап шықты. Шахматшылар барлығы неше тур ойнады?
24. Балалар барлығы 10 кәмпит жеді. Оның ішінде 3 бала 2 кәмпиттен, ал қалғандары 1 кәмпиттен жеді. Сонда неше бала кәмпит жеді?
25. Үстел үстінде 6 торт тілімі жатыр еді. Балалардың жарты бөлігі бір-бір торттан, ал қалған жарты бөлігі екі-екі торттан алып кетті. Сонда балалар нешеу болған?
26. Үш қорапта қызыл, сары және жасыл доптар жатыр. Бір қорапта «қызыл емес» деген, екіншісінде «сары емес» деген, ал үшіншісінде «жасыл емес» деген жазулар бар. Егер екінші қорапта –қызыл доп жатса, және жазулардың бәрі дұрыс болса, қай қорапта қандай доптар жатыр?
27. Үшбұрышты бірдей 10 таяқшадан құрастыруға болады. Әр қабырғасына бірдей таяқшадан кетеді. Мұндай құрылыста қанша таяқшалар артылып қалуы мүмкін? Қанша үшбұрыштар пайда болады?
28. Ортада 5 оқушы шығып, дөңгелене қол ұстасып өлең айтты. Өлең аяқталған соң олардың шеңбері бұзылып, қол ұстасқан қалпы сахнадан шығып кетті. Неше бала қол ұстасып барады?
29. Жолы болмаған саңырауқұлақшы орманнан 10 саңырауқұлақ терді. Олардың 8-і құрт түскен, ал 5-еуі улы болып шықты. Мұндай болуы мүмкін бе? Онда қанша жақсы саңырауқұлақ болуы мүмкін? Түсіндір.
30. Бір бүтін алманы 2-ге бөліп, бір бөлігін ал. Осы бөлік не нәрсеге ұқсайды?
31. Сатып алған қарбыздың 1 бөлігін алып, дәмін көрдің. Қарбызда не жоқ?
32. Бір қарындашты тең етіп 2-ге бөлгенде неше қарындаш болды?
33. Бес алманы тең етіп 6 адамға қалай, қанша бөліктен бөліп берер едің?
34. Сенің әке- шешен сенің көршіңе кім болады?
35. Бір жанұядағы ағайынды 2 жігіттің бір апасы, бір қарындасы бар. Осы жанұяда қанша бала бар?
36. Автобус оң жаққа бұрылғанда ішіндегі адамдар қай жаққа бұрылады?
37. Таразы табақшасына 2 аяғымен тұрған қораздың салмағы 3 килограмм. Бір аяғымен тұрса, оның салмағы қанша болар еді?
38. Төрт бұрышта отырған әр мысық 3 мысықтан көріп отыр. Бөлмеде барлығы неше мысық отыр?
39. Ағаң неше жаста деп сұрағанда, Мирас: «менен 4 жас үлкен» -деп жауап берді. Егер Мирас 6-да болса, ағасы неше жаста?
40. Бес әріптен тұратын тышқан аулағышты ата.

Жауаптары :

1. 6 аяқ. Жолаушыда 2 аяқ, атта 4 аяқ.
2. Бақа. Себебі, ол арақашықтықты молырақ алды.
3. 10 адам, жүргізушісі бар.

- 4.Екінші қатарда, үйткені бос орын аз.
- 5.Күшік 6 шұжық жеді, ал мысық 3 шұжық жеді.Есепті түсіндіру үшін суретін салып, кезектесіп санаған дұрыс.
- 6.8 тышқан.Әр аңның салмағын тышқандардың санымен санау керек.
1 түлкі =2 қоян= (2+2) тиін= (2+2+2+2) тышқан.
- 7.Мүмкін. Ұлы мен қызы бір ересек адамның салмағы болады.
- 8.Егер шыбын 3,5,7,9 тақ сандары болса, анасы 1-еуге артық жейді, егер, 2,4,6,8 сандары болса екеуі тең жейді.
- 9.1 қызыл, 2 көк және 3 жасыл шар бар.
- 10.6 кг. Келесі жартсы дәл сондай салмақта болады.
- 11.3 шаршы және 1 дөңгелек салынған. Суретін салып түсіндір.
- 12.Әрине Жеңістің тобы жеңді.Жеңістің өзі 7 гол соқса, командасы тағы 3 гол соғып тұр.7 артық 6-дан.
- 13.8-інші қабатта тұратын болды.
- 14.7 желаяқ бар.Біздің желаяқтың алдында 3, артында 3 желаяқ келеді.
- 15.5 бөлік. Суретін салып, бөліп көрсет.
- 16.Болады. 1 жасыл, 2 сары және 3 қызыл алма.
- 17.Алғашқы 3 шар алынғаннан кейін қорапта қызыл шар 1-еу ғана қалады. Сондықтан 2 көк шар немесе көк пен қызыл шар шығады.
- 18.2 қадам артқа.Алғашқы 3 аттамнан кейін артқа 1 аттайды, келесі алғы 3 аттамнан кейін тағы артқа 1 аттайды.Осылайша, 9 аттамнан кейін артта 3 аттам қалады.Ал, соңғы аттамы алға басады.
- 19.3 отырғыш. Алты бұрыштың суретін сал.Бір отырғышты «С» деп белгіле, ал тағы бір бос отырғыштан кейінгіні «А» деп белгіле де, түсіндір.
- 20.10 бауыр бар. 6 ағалы-іні, 4 апа.
- 21.7 қонақ. Суреттеп түсіндіруге болады.
- 22.6 теңізші тұру керек.9балықшының суретін салып, оларды 3-3-тен бөл. Және әр бөлікке 2-ні жаз.
- 23.3 турдан ойнады. Үшбұрыш суреті арқылы түсіндір.
- 24.7 бала. Кәмпиттің суретін салып ,3 жұп біріктіріп көрсет, қалған 4-еуін қос.
- 25.4 бала болған. Жоғардағыдай түсіндір.
- 26.1-інші қорапта- жасыл, 2-інші қорапта-қызыл, 3-інші қорапта- сары доп бар.
- 27.7, 4 және 1 таяқша.
28. 4 қол ұстасу болады.Дөңгеленген кезде 5 қол ұстасу болды да, қолдары үзілген кезде 4 қол ұстасу қалды. Суретін салып түсіндір.
- 29.0, 1 немесе 2 саңырауқұлақ болуы мүмкін.Егер улы саңырауқұлақтарды күрт жеген жағдайда ғана.
- 30.Екінші бөлігіне ұқсайды.
- 31.Бір бөлік жоқ.
- 32.3 қарындаш болады.
- 33.Бір алманы 6-ға бөліп, әр адамға 5 бөліктен бересің.
- 34.Көрші болады.

35.4 бала бар.

36. Сол жаққа бұрылады. Өздерін- өздері түзейді.

37. Бәрі бір 3 кг.

38. 4 мысық отыр. Әр қайсысына қарама-қарсы 3 мысық отыр.

39. Ағасы 10 жаста.

40. Мысық.



ҚЫЗЫҚТЫ өлең есептер.

1. Оң қолымда 5 саусақ,
Сол қолымда 5 саусақ
Алақанды ашамыз
Бесті беске қосамыз.
Кел, санайық ал мұны
Нешеу болды барлығы ?

2. Су құйып ем астауға
Үш қаз ұшты аспанға
Үш қасқалдақ, бірқазан
Екі үйрек , бір сазан
Қосылды кеп бұларға
Айт, неше құс ұшып жүр?
Неге екенін түсіндір.

3. Тал басында тізіліп
10 жапырақ тұр еді,
Жел тұрды да үзіліп
Ұшып кетті біреуі.
Ізінше оның жұлынып,
Түсті тағы екеуі
Тұр әлі де ілініп
Жапырақтың нешеуі ?

4. Тал басына күнара
Қонушы еді бір ара
Бүгінтоғыз туысын

Ертіп кепті сол ара.
Болды бары қанша ара ?

5.Бес алманың үшеуін
Досың сұрап алады.
Айтшы, сонда нешеуі
Өз қолыңда қалады ?

6.Мұратта бар бес іні
Маратта бар екі іні
Қоссақ бесті екіге
Неше болды шешуі ?

7.Алма ағашта бес алма
Қандай тәтті, жесе алма
Бесеуін де жеп қойсам
Қалады онда неше алма ?
8Табақта тұр бес өрік
Қолымда тұр 4 өрік
Қосқанда болады
Барлығы неше өрік

9.Пісіп тұрған 10 алмұрт
Қызығатын көрген жұрт.
Екі алмұртты бұтақтан
Алып жеді Мұратқан
Қанша қалды алмұрттан?

10. Бір көжекке бір көжек
Келе қалды қонаққа.
Бес сәбізден әрқайсысы
Тойып алды тамаққа.



Танымдық тапсырмалар.

1.Талғаттың сөмкесі Мараттың сөмкесіне сыйып кетеді. Ал Мараттың сөмкесі. Жанаттың сөмкесіне сыйып кетеді. Осы сөмкелердің ең үлкені кімдікі ?

(**Жауабы** : Жанаттың сөмкесі үлкен.)

2.Адам денесінің қызуы көгершіннің қызуынан аз, ал пілдің қызуынан жоғары. Термометр осылардың қайсысының қызуын төмен көрсетеді ?

(**Жауабы** : пілдің қызуы төмен.)

3.Қатты затты жұмсағырақ заттың үстімен жүргізсең із немесе жырық қалары анық. Егер шыныны қатты картонның үстімен жүрсең жыра ма, әлде картонды шынының үстімен жүргізсең жыра ма ?

(**Жауабы** : шыны қатты болғандықтан жырық қалдырады, ал картоннан із де қалмайды.)

4.Анасы үш баласына бір-бір алмадан ұстатты. Тамашаның алмасы Айшаның алмасына қарағанда ауыр, ал Айшаның алмасы Мұраттың алмасынан сәл жеңілдеу.Кімнің алмасы ең үлкен алма, ал кімнің алмасы ең кішкентай алма ?

(**Жауабы** : ең үлкені-Тамашада, ең кішісі- Айшада)

5.Қытай халқы Үнді халқына қарағанда көп, ал Үнді халқы Ресей халқынан көп. Осы мемлекеттердің қайсысында халық көп қоныстанған ?

(**Жауабы** : Қытайда адам саны көп.)

6.Анасы бес тәрелкені жуды да оның екеуін сүртті.Қанша тәрелке құрғатылмай тұр ?

(**Жауабы** : 3 тәрелке)

7.Жұмыртқа 2 минут қурылады, ал дөңгелектеп қайнатуға 5 минут қажет етеді. 3 жұмыртқаны суға қайнатып жеу үшін неше минут керек ?

(**Жауабы** : 5 минут қажет.)

- 8.Марал автобуспен келе жатып іші пысқан соң билетінің номерін санады, 180210. Ол барлығын қосқанда неше сан шығарды ?
(**Жауабы** : 12 шығарады.)
- 9.Қатар реті 4 санынан басталады, ал әр келесі сан осы саннан 1-ге артық.Бесінші сан қандай сан ?
(**Жауабы** : 8 саны болады.)
- 10.Маржан Әсемнен 2 жыл бұрын туды. Биыл Маржанның жасы 5- те. Әсем неше жаста ?
(**Жауабы** : Әсем 3 жаста.)
- 11.Талғат плитка шоколадты бірінші ортасынан бөлді де, оның біреуін тағы бөліп жеді. Неше бөлік шоколад шықты ? Дәлелдеп көр.
(**Жауабы** : 3 бөлік.)
- 12.Бір нашар адам ылғи өтірік айтады. Одан «Сізде бір мұрын ба, екі мұрын ба ?» деп сұрасаң , не деп жауап берер еді ?
(**Жауабы** : 2 мұрын.)
- 13.Парақ бетін қиылыспайтын екі сызық арқыла неше бөлікке бөлуге болады?
(**Жауабы** : 3 бөлікке.)
- 14.Маржаңда 2 теңгеліктен және 5 теңгеліктен бірнеше теңгесі бар. Ол қайтарымсыз 9 теңгені қалай төлей алады ?
(**Жауабы** : $2+2+5 = 9$)
- 15.Толқын алдынан санағанда екінші партада, ал соңынан санағанда төртінші партада отыр. Бір қатарда неше партадан қойылған ?
(**Жауабы** : 5 партадан қойылған.)
- 16.1 мен 100 – дің арасында неше нөл бар ?
(**Жауабы** : 11.)
- 17.Үш балаға өзеннің келесі бетіне шығу керек. Қайық біреу, оған 2-ақ бала сыяды. Балалар арғы бетке қалай шығады ?
(**Жауабы** : Бірінші 2 бала өтеді. Біреуі қайта оралады да, екіншісін алып келеді.)
- 18.Дөңгелек шынжырдың екі көрші шетін үзіп тастасаң неше бөлікке бөлінеді?
(**Жауабы** : 3 бөлікке.)

19.Марал автобустың билеттерін жинақтап жүреді. Оның ойынша билеттің алдыңғы үш санын қосқанда артқы үш санның қосындысымен тура келсе, онда ол «бақытты билет» деп сенеді. Маралда «бақытты билет» бар ма ?

1-билет номері 121330; 2- билет номері 032104; 3-билет номері 222220.
(**Жауабы** : екінші билет.)

20.Бірінші торда 4 балапан және 2 көжек отыр. Ал екінші торда 5 балапан ғана отыр.Қай торда көз көп, және қаншаға көп ? Қай торда аяқ көп, және қаншаға көп ?

(**Жауабы** : Бірінші торда 2 көз көп, және осы торда 6 аяқ артық.)

21.Мына әріптердің орнындағы санды тап : $A+A=6$.

(**Жауабы** : $3+3$.)

22.Мерекелік шырақ 20 минут жанып тұрады. Тамашаның туған күніне торттың үстіне 7 шырақ жақты да, сөнгенше күтті. Барлық шырақтар қанша уақыт жанып тұрды ?

(**Жауабы** : әрине 20 минут.)

23.Мына сандарды қазақ алфавитінің ретімен оқысаң мақал шығады.Қандай мақал жазылған ? 14 21 11- 15 20 23 15 1 15, 15 20 16- 3 1 25 37 23.

(**Жауабы** : Көз- қорқақ , қол- батыр.)

24.Мұғалім оқушыларға екі дөңгелекті жасыл мен қызыл түсек бояндар деді. Оқушылар неше тәсілмен орындап келеді.

(**Жауабы** : 2 тәсіл . жасыл-қызыл, қызыл- жасыл.)

25.Марат дүңгіршектен өзіне қалам, ал Талғатқа қарындаш сатып алды да, барлығы 10 теңге төледі.Өзінің қаламына қарындашқа қарағанда 2 теңге артық төлесе, қалам қанша тұрады, қарындаш қанша тұрады ?

(**Жауабы** : 6 және 4 теңге.)

26.Екі сызықты әр тәсілмен сызу арқылы парақ бетін нешеге және неше рет бөлуге болады ?

(**Жауабы:** суретте)



27.6 литрлік және 4 литрлік ыдыстың көмегімен 2 литр суды қалай құйып алуға болады ?

(**Жауабы:** 6 литрлік ыдысты толтырып, оны 4 литрлікке құйса , түбінде 2 литр су қалады.)

28.Асханаға барар жолда оқушылар екі-екіден сап түзеді. Майра мен Айгүл алдынан санасаң жетінші жұпта, ал соңынан санасаң төртінші жұпта. Сыныпта барлығы неше оқушы бар екен ?

(**Жауабы :** 20 оқушы.)

29.Марат, Жанат, Талғат мектепке бір трамваймен барады. Жанат жолға 15 минутын жібереді. Қалған екеуі жолда қанша уақыт жүреді ?

(**Жауабы :** Әрине, бәрі бірге келеді, сондықтан олар да 15 мин. жүреді.)

30.Әр үш қаланың арасын 2 жолмен қосты. Неше жол пайда болды ?

(**Жауабы :** 3 жол . Сызып көрсету керек.)

31.Маржан көктем айларының біреуінде туылыпты. Одан қай ай екенін сұрағанда 2 рет «жоқ» деп, содан кейін ғана «йә» деп жауап берді. Сонда Маржан қай айда туған ?

(**Жауабы :** Май айында.)

32.Шаштаразға барған бала айнаға қарап артындағы айнадан өзін көрді. Ол өзін қай жағынан көрді ?

(**Жауабы :** артынан көрді.)


33.Екі қорапта 10 кәмпиттен бар. Тәттіқұмар Айша бірінші қораптан 5 кәмпитті жеп қойды, оны көрген Самал екінші қораптан,бірінші қорапта қанша кәмпит қалса , соншасын жеп қойды.Қораптарда қанша кәмпит қалды ?

(**Жауабы :** 10 кәмпит.)

34.Тордың ішіндегі 3 балапанды алып , орнына 3 көжек қамады. Тордың ішіндегі аяқтар саны қалай өзгерді ?

(**Жауабы :** 6-ға көбейді.)

35.Шоколад мынадай түрде болса, 6 бөлшекке бөлу үшін неше рет сындырасың ?



(**Жауабы :** 5 рет сындырады.)

36.Мына әріптер мен цифрлардың айнадан қараған түрін жазып көрсет.
А Б В Г Д 1 2 3 4

37. Ұлу А нүктесінен солтүстікке 2см , сосын шығысқа 3см , сосын оңтүстікке 2см , ал содан кейін батысқа 3см жылжыды. Соңында ол қай жерден шықты ?

(Жауабы : А нүктесіне қайта келді. Суретін төртбұрыш арқылы көрсет.)

38. Қайрат пен Жомарт қол алысып, бір-біріне естелікке фотосуреттерін сыйлады. Қол алысу қанша рет болды, фотосурет нешеу болды ?

(Жауабы : 1 рет қол алысу, 2 рет фотосурет.)

39. Ешкі жалғыз бағанға арқандаулы тұр. Егер арқан 1м болса ешкінің шөп жейтін жерінің аумағының суретін салып көрсет.

(Жауабы : Бұл диаметрі 1м дөңгелек.)

40. 9 қабатты үйдің жоғарысынан санағанда 6-ншы қабат нешінші тұр ?


(Жауабы : Төртінші.)



Құзыреттілікті қалыптастыруға арналған тапсырмалар

1-тапсырма:

Мына сандардың тиісті көршісін тап.



2-тапсырма:

Мына кестеден КЕСІНДІ, СӘУЛЕ, ШАРШЫ, БҰРЫШ сөздерін тауып, әр түспен боя.

к	е	с	і	н	д
с	р	б	в	о	і
ә	ф	ұ	р	ы	ш

у	ш	а	р	ш	ц
л	е	д	м	ы	у


3-тапсырма:

Кестедегі сандарды жалғастыр.

$3+1$	$4+1$	$5+1$
$3+2$		$5+2$
$3+3$	$4+3$	

4-тапсырма:

Поезд вагондарын жалғастыр.



5-тапсырма:


Берілген кестеден өлшем бірліктерін тауып, әр түспен боя.

ә	д	е	і	н	л	о	д
и	р	ц	и	м	е	т	р
м	е	т	р	ы	з	ж	ш
қ	с	а	р	ш	ф	ю	р
л	у	н	т	и	м	е	т

6-тапсырма:

Сөзжұмбақты шеш. Сұрақтар: 1.Қосудың компоненті. 2. Азайтудың компоненті

3. Геометриалық фигура. 4. Геометриалық фигура.






7-тапсырма:

Артық өрнекті тап.

1. $5-2$; $6-3$; $1+2$; $7-2$; $9-6$
2. $0+4$; $10-6$; $6-4$; $9-5$; $3+1$
3. $9+1$; $10-1$; $5+5$; $2+8$; $6+4$
4. $6-6$; $8-2$; $4+2$; $3+3$; $10-4$
5. $8-6$; $3-1$; $2+1$; $10-8$; $2+0$

8-тапсырма:

Жетіспейтін фигураны тауып, сал, боя.



9-тапсырма:

Мектептегі табиғат мүйісінде әр түрлі жануарлар тіршілік етеді. Әр белгі * 2 жануарды білдіретін болса, табиғат мүйісінде барлығы неше жануар бар?

Аламан	***
Кірпі	***
Айдаһар	**
Тасбақа	**
Теңіз шошқаса	***

10-тапсырма:

Мына сандар қатарын жалғастыр: 2, 4

11-тапсырма:

Мына сандар қатарын толықтыр: 0, .., 6,


12- тапсырма:


Белгісіз санды тауып, оның шығу жолын түсіндір.


12	25	43
21	?	34


13-тапсырма:

Төмендегі 4 топты карточкада геометриалық фигуралар орналасқан. Дұрыс нұсқаны тауып, түсіндір.

1) 

2) 

3) 

4) 


14-тапсырма:

«Сиқырлы шаршыны» қай жағынан санасаң да 15 шығатындай етіп мына сандарды орналастырып көр: 1, 4, 6, 7, 8, 9.

	5	3
2		

15-тапсырма:

Белгілер қатары берілген. Келесі бос қатарға белгіні орналастырып, себебін дәлелдеп бер.



16-

тапсырма:

Дұрыс толтырылған қатарға «+» , қате толтырылған қатарға «-» белгілерін қой.

1) 1,3,5,7,9 ...

2) 2,4,6,8,10 ...

3) $5+4=10$

4) $6-5=1$

5) $a+5 > a+5$


6) $5 < 6$; $6 > 5$

7) $x-3=4$ $x=6$

8) $30+20 < 100-50$


17-тапсырма:

Моншақтар тізбегіндегі жетіспейтін сандарды тап.




18-тапсырма:



Мынау шаршыдағы өзгерісті анықта, соңғы бос шаршыға жалғасын сыз.



19-тапсырма:

Өрнекті есептеп, мәнін ретімен қойсаң сиқырлы сөз табасың.





20-тапсырма:

Сандар қатарын жалғастыр, түсіндір: 0, 2, 1 ...

Мазмұны:

1. Қосуға арналған тапсырмалар.....	1 бет
2. Азайтуға арналған тапсырмалар.....	3 бет
3. Құны мен айырмашылықты табуға арналған есептер.....	3 бет
4. Санды бірнеше бірлікке арттыру және кеміту.....	5 бет
5. Құнын табу және бірнеше бірлікке арттыру есептері.....	6 бет
6. Өткен тақырыптардың бәрін қамтитын тапсырмалар.....	7 бет
7. 20-ға дейінгі сандарды қосып – алу.....	9 бет
8. Белгісіз қосылғышқа арналған есептер.....	10 бет
9. Белгісіз қосылғыштың мәнін табуға арналған есептер.....	11 бет
10.Салыстыруға арналған тапсырмалар.....	12 бет
11.Салыстыру және мәнін табуға арналған есептер.....	13 бет
12.«Сонша» ұғымы және екі қосылғыш арқылы үшінші қосылғышты табуға арналған есептер.....	14 бет
13.Барлық өткен тақырыпты қамтитын тапсырмалар.....	15 бет
14.Белгісіз азайтқышты табуға арналған есептер.....	17 бет
15.Белгісіз азайғыш, азайтқыш, айырманы табуға арналған есептер.....	18 бет
16.Өткен тақырыптарды қамтуға арналған тапсырмалар.....	19 бет
17.Ойлау қабілетін дамытуға арналған тапсырмалар.....	22 бет
18.Қызықты өлең есептер.....	26 бет
19.Танымдық тапсырмалар.....	28 бет
20.Құзыреттілікті қалыптастыруға арналған тапсырмалар.....	32 бет

Пайдаланған әдебиеттер:

Бұл жинаққа өзге тілден аударылған есептермен қоса , кейде авторы белгісіз есептер де алынған. Бастауыш мұғалімдеріне жеңілдік тудыру үшін әр әдебиеттен құрастырылды.

1. Математикалық мысал есептер жиынтығы. М.В.Беденко. 2006ж
2. Стандартты емес есептер. Г.Г. Левитас 2006ж
3. Бастауыш мектеп журналдары.
4. Айгөлек журналы.